

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Жаңа жылға арналған ертеңгілік
Тақырыбы: «Құтты болсын, жаңа жыл!»
№14 «Құлагер» ересек тобы



Тәрбиешілер: Аябергенова А.Т
Таухабаева И.М
Ән жетекшісі: Қорғанбаева Р.Ж

2022-2023жж

1-Жүргізуші: Амансың ба халайық?

Жаңа жылды тойлайық

Ән салайық, билейік

Көңілімізді бірлейік!

Құрметті ата-аналар, ұстаздар, балалар! «Құлагер» тобы балаларының Жаңа жылға арналған ертеңгілігін бірге тойлайық!

2-жүргізуші: Кел, жаңа жыл,
Төрле, төрле жеріме,
Құт береке боп келгейсің еліме,
Үміт артып армандарға аяулы.
Шаттығына бөлегейсің бізді де.

Шеңбер болып, шыршаны айналып, көңілді әуенге билеу.

Хор: «Жаңа жыл»

1-Жүргізуші: Ортада тандандырып талайды,
Шыршамыз жасанып, жайнайды.
Құбылып, құлпырып айнала
Сиқырлы сәулелер тарайды.

Балалар, қарандаршы қандай әдемі шырша. Біз шыршамызға тақпақ, ән айтып берейікші.

Тақпақтар: Жанерке, Ибраһим, Аделя

Жанерке: Аяз Ата ойды қырды
Аралап жүр түгел шолып.
Қарсы алғалы жаңа жылды,
Ол да көптің бірі болып.
Қайда қызық болса думан,
Аяз Ата сонда болды.
Күндіз үйде ойнап бізбен,
Балалармен бірге болды.

Ибраһим: Қуантып елді,
Жаңа жыл келді
Өсетін болдым
Бір жасқа енді.

Аделя: Әкелді жыл ырыс құт
Әлемде той тыныштық
Жарқын өмір жаңаша
Жаңа жылым тамаша

2-Жүргізуші: Балалар, естідіндер ме, біреу келе жатыр.

Көңілді әуенмен Сиқыршы келеді.

1-Жүргізуші: Сәлеметсіз бе Сиқыршы! Біз сенің келгеніңе өте қуаныштымыз, төрлет. Біздің қонағымыз бол!

Сиқыршы: Балалар қараңдаршы, қандай әдемі шырша, қаншама ойыншықтар. Ал неге, шыршада шамдар сөніп тұр? Балалар шыршамен ойнайықшы, өз шамдарын жақсын, сөндірсін.

Ойын: «Шырша» (Балалар шапалақтайды) шамдар жанады. Ал енді, шамдарды сөндірейік, қатты, қатты үрлейміз. (Балалар үрлейді, шамдар сөнеді) ойын 2-3 рет ойналады.

Сиқыршы: Қандай сиқыршымыз бәріміз. Бірақ шыршада шамдар жанып тұрсын, сонда ғана шырша әдемі.

Жүргізуші: Балалар мерекеміздің сәнін келтірер аяз ата мен ақшақарды шақырсақ қалай болар екен?

Түлкі мен қасқыр келеді.

Қолдарында құмыра болады.

2-Жүргізуші: Балалар, бұл кейіпкерлер қай ертегілерден? Естерімізге түсірейікші.

Түлкі: Сәлеметсіздерме балалар! Жаңа жылдарың құтты болсын! Жаңа сендердің балалабақшаларыңа келе жатқан да мына құмыраны тауып алдық. (Екеуі таласады)

Құмыраны жерге түсіріп алады. Құмыра сынып қалады.

Ішінен мыстан кемпір шығады.

Мыстан: Мен шықтымау ақыры, мына қараңғы жерден. Мені сиқыршы сиқырлап тастап еді.

Мына шыршаның әдемісін ай. Үйіме алып кетсем бе екен.

Сиқыршы: Мыстан, енді сені қазір тағы да сиқырлап тастаймын. Балалардың мерекесіне кедергі келтірме. Одан да бізбен бірге жаңа жылды қарсы ал, балалардың өнерін тамашала.

Мыстан: Менің бір шартым бар, мен сендерге жұмбақ айтамын жауабын тапсаңдар мен де қаламын, ал егер таба алмасаңдар шырша менікі.

1. Қыста ғана болады, ұстасаң қолың тоңады. (**қар**)
2. Тісі жоқ тістеп алады, қолы жоқ сурет салады. (**аяз**)

Жұмбақ шешіледі. Мыстан кемпір қалады.

1-жүргізуші: Балалар, біздің мерекемізге Аяз ата мен Ақшақар неге кешігіп жатыр?

Сиқыршы: Мүмкін, адасып кеткен шығар. Біз Аяз атаны іздеп келейік.

Түлкі, қасқыр, сиқыршы шығып кетеді.

2-жүргізуші: Мыстан әже, сізбен бірге балалар ойын ойнағысы келіп отыр.
Қалай қарайсыз?

Ойын: «Байпақ» 2ойыншы 2 сыңарды бөліп алады, біреуі оң, екіншісі сол аяғынікін киеді, әуенмен билеп шыршаны айналып, ортаға бірінші жету қажет.

Тақпақтар: Қолқанат, Даяна, Алихан Ә

Қолқанат: Келді жаңа жылымыз,
Жарқыраймыз, жанамыз.
Қоян жылын қарсы алып,
Әсем әнге саламыз.
Құтты болсын жаңа жыл
Қоян жылы келген бұл
Аппақ қоян сыйласын
Қуанышын берген күн

Даяна: О, алақай аяз атай
Келе жатыр алыста
Кәне достым әнге қосыл,
Әнге қосыл қалыспа

Алихан Ә: Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жанашыр
Ата-әже, әке-шеше
Құтты болсын жаңа жыл

Мыстан: Неткен күшті, ақылды балалар, сендер шаршамадыңдар ма? мен шаршадым, мен енді қайтайын, жақсы тілегін айтып кетеді.

Мыстан кетеді.

1-Жүргізуші: Балалар, Аяз атаны шақырайықшы мүмкін естіп қалар.

Балалар: Аяз ата-3 рет

Аяз Ата мен Ақшақар келеді:

Сәлеметсіздер ме балалар! Сәлеметсіздер ме қонақтар! (Балалар амандасады).
Орманда адасып жүр едік. Сендер жіберген сиқыршы, қоян мен қасқырдың арқасында сендерге де жеттік ау.

Балаларым, балғыным,
Өмір гүлім, шағыным.
Тілегенім жыл бойы,
Сендердің денсаулығың.

Амансың ба, ұлдарым,
Аппақ ару қыздарым?

Мен сендерге әкелген,

Құтты болсын жылдарың!

Ақшақар: Амансыздар ма, балалар, ұстаздар, ата-аналар! Өздеріңді сағынып келдік. Жаңа жылдарың құтты болсын. Қоян жылы табыс жылы, береке, бірлік әкелсін. Тарихи жыл болсын.

2-жүргізуші: Тобымыздың бишілерін шақырайық,
Қошеметпен, құрметпен қарсы алайық.
Бишілерімізді ырғалтып би билетіп,
Қол соғып биік шыңға самғатайық.

Бишілерге кезек береміз.

Би: «Қыс қызығы»



Тақпақтар: Хан, Айханым, Мирас

Хан: Жаңа жыл, жаңа жыл
Жаңа жылда жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

Айханым: Әкем тандап әкелді
Ең үлпілдек шыршаны,
Исі аңқыған шыршаны
Жарқыраған шыршаны
Жұпар исі аңқыды
Апамды да мәз қылды.

Мирас: Жаңа жылды қарсы алып,
Жасаймыз той жылда біз
Жарқын жарқын ән салып,
Жалғасады жырға-жыр

Ән: «Жап-жаңа жыл»

Ойын: «Аяз ата қоржынында не бар?»

1-жүргізуші: Ақ көңілім айналды аппақ қарға,
Көңілдене қосыл сен ән мен жырға.
Қыс қызығы басылмай ұласады,
Қуаныш көптеп болсын жаңа жылда.

Тақпақтар: Айбат, Дарина, Айсұлтан

Айбат: Далада қар борайды
Ақ мамыққа орайды
Мұз болады қатады
Жып жылтыр боп жатады.

Дарина: Ақ сақалды, таяқты
Қалың қырау қабақты
Аяз ата біздерге
Базарлығын таратты.

Айсұлтан: Көптен сені сағынған
Күтіп отыр барша жан
Кел жаңа жыл, жаңа жыл
Әлемнің бар асылын
Нұрға бөлеп қадамың
Кел жаңа жыл, жаңа жыл.

2-Жүргізуші: Төрлетіндер, төрлетіндер.

Шырша сәнін көріңдер.
Әсем әнмен би билеп,
Күй жырларды төгіңдер.

Би: «Көңілді балалар»

Ақшақар: Қандай керемет, өнерлі балалар екенсіңдер! Енді балалар ата-аналарымызбен ойын ойнап серігіп алайық.

Ойын: «Балаңызды танысыз ба?»

Тақпақтар: Алихан С, Айханым, Парахат

Алихан С: Қош келдіңіз аяз ата
Қарсы аламыз орын беріп
Ән салыңыз бізбен бірге
Би билеңіз бізге еріп.

Айханым: Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бағыт,
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт.
Жақсылықтың белгісі, жаңа уақыт,
Келіп, міне, жатырмыз, қауқылдасып...
Бірге соғып бар әлемнің сағаттары,
Он екіні күтер, қалмай, тағаттары,-

Ғасырдың он екінші жылы келді,
Құстай ұшып, қырау шалған қанаттары!

Парахат: Жылдың әнін бастайын,
Аяз- Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.
Жаңа жылды қарсы алдың,
Мініп алып күймеге.
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым биге де.

Аяз ата: Балалар, жаңа жыл болса кеп қалды, біздің қоштасатын барыс жылымыз қайда? Сиқыршы сиқырлап тастамадыма екен! Дауысы естілмейді ме!

Музыка ырғағымен (Жаңа жыл «Қоян» мен «Барыс» кіреді)

2-жүргізуші: Қош келдіңіз бүгінгі кешімізге,
Жаңа табыс тілейік ісімізге.
Келе жатқан жаңа жыл құт әкелсін,
Мына отырған барша жан бәрімізге.

1-жүргізуші: Уа, халайық құрметті,
Көмейіме жыр кеп тұр
Жаңа жылды қарсы алып,
Өткізейік дүрмекті
Уа, халайық той бүгін
Бақыт, шаттық мол бүгін
Қарсы алайық Қоян жылын
Ұзатып сап Барысты

Жаңа жыл жарылқасын ескі жыл есіркесін –деп , өткен жыл мен келер жылымызды қошеметпен қарсы алайық!

Барыс: Бір жыл бойы сендермен

Бірге жүрдім ойнадым
Енді міне балалар
Кезек келді қоштасар.
Қуанышты ортамыз сазға ұласқан
Тілегім болсын мәңгі ашық аспан
2023 жылы қадам басқан
Гүлденіп көркейе бер, Қазақстан!.

2-жүргізуші: Шынымен балалар, біз бір жасқа үлкейдік. Ескі жыл Жаңа жылға орнын сыйлағысы келіп тұр, олай болса, сау болыңыз, біз сізге ризамыз. Құрметті достар! Бізге жақсылықтарымен толы болған Барыс жылын шығарып салайық.

Қоян: Жаңа жыл – туындаған жаңа армандар,
Жаңа жыл – шуылдаған жаңа ормандар.
Ал мынау – мәңгі бақи жаңа дүние,
О, сәлем жаңа жылда жаңарғандар.
Мен Жаңа жылмын
Мен жаңа нұрмын
Нұрымды да себейін
Жырымды да себейін

Мен сендерге «Бақыт» сыйлаймын (жылы сөздер жазылған жүрекшелер шашылады)

1-жүргізуші:

Ей, жаңа жыл, жаңа бақыт ырысым.
Жақсылықтың жаршысы да нұрысың.
Адамдардың асқақтаған арманы,
Ақындардың таусылмайтын жырысың

2-жүргізуші:

Жаңа жыл, жаңа бақыт, жаңа жыр.
Ізгілік, бірлік дәнін ортаға ысыр.
Құт болып береке бер халқымызға
Мерейін мәртебесін биікке асыр.

Аяз ата: Ой, бәрекелді, балаларым. Әсем ән шырқап, би билеп аталарыңды бір қуантып тастадыңдар. Мен сендерге сыйлықтар әкелдім! (таратып береді).

Сыйлықтар таратылады

Көп-көп рақмет, өркендерің өссін. Енді Ақшақар екеуміз, аттанайық.
Баршаңызбен қоштасамыз, сау болыңдар!.

Ақшақар : Сау болыңдар, балалар, келесі жаңа жылда кездескенше.

Барлығы: Сау болыңыз, Аяз ата, сау болыңыз, Ақшақар.

1-жүргізуші: Міне, құрметті қонақтар. балалар! «Құтты болсын, Жаңа жыл!» атты, ертеңгілігіміз аяқталып қалды. Осындай, керемет мерекеге атсалысқандарыңызға рақмет айтамыз. Жаңа 2023 жылымыз құтты болсын! Отбасыларыңызға тек бақыт, қуаныш нұры жаусын!.

2-жүргізуші: Жаңа жыл әрбіріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін. Жаңа жыл баршамызға берекелі, мерекелі жыл болсын.

Келесі жаңа жылда кездескенше, аман-сау болайық!.

Бірге: Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты!

Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

